

# Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



## **«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптар**

**Андатпа:** Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтты. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.

Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік деген университет оқулықтары түрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, біздің студенттерге дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалмақ.

**Жаңа кітаптар саны: 30**

**Оқытушылар назарына:** [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)

### **Новые книги поступили в библиотеку в рамках программы «Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания»**

**Аннотация:** Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания» отметил, что нашему обществу нужны не просто инженеры и медики, но и люди гуманитарного профиля, хорошо понимающие современность и будущее. В этой связи, Глава государства поручил создать все необходимые условия для получения студентами образования, соответствующего требованиям времени в области истории и политологии, социологии и философии, психологии, педагогики, экономики, культурологии, а также филологических наук. Для реализации данного поручения был создан и активирован проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке». В рамках данного проекта в ближайшие несколько лет на казахский язык будут переведены учебники лучших университетов мира по всем гуманитарным направлениям, наши студенты получат возможность получить образование на основе лучших мировых образцов.



**Количество новых поступлений: 30**

**Вниманию ППС:** [Чтобы узнать о том, как формируется фонд нажмите здесь.](#)

[Чтобы ознакомиться с другими изданиями библиотечного фонда нажмите здесь.](#)

**New books entered the library as part of the «Course towards the future: Modernization of Kazakhstan's identity»**

Annotation: The President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his article «Course towards the future: Modernization of Kazakhstan's identity» stated that we need not only engineers and doctors, but also the professionals in the humanitarian field, who deeply understand the modern time and the future. The President instructed to create the necessary conditions for modern education in history, political science, philology and philosophy, psychology, pedagogy, economics, as well as cultural science and sociology. The project «New Humanitarian Knowledge. 100 New Textbooks in the Kazakh Language» was taken as a key guidance in fulfilling this task. Within the framework of this project in a few years, the best world university textbooks will be translated from different languages into Kazakh language and our students will get the chance to study based on the best practice.

**Number of new books: 30**

**Attention to the teaching staff:** [To know more about how the found is formed click here.](#)

[Click here to see other editions of the library fund.](#)

	<p><b>Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат: оқулық / Д. Андерсон ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. Х. Ғ. Масадиков], 2020. - 447, [1] б.</b></p> <p>Мемлекеттік саясаттың негіздеріне арналған бұл еңбек саясат қалыптастыру және заң дайындау процесіне ден қояды. Кітапта мәселені анықтауға, күн тәртібін белгілеу мен мемлекеттік саясатты қалыптастыруға түрлі факторлардың қалай әсер ететіні сараланады. Әр тарауда негізгі ұғымдар мен идеялар қарастырылып, олардың қалай қолданылатыны нақты мысалдар негізінде талданған.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Баттл Фрэнсис. Тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті: ұғымдар мен технологиялар: оқулық / Ф. Баттл, С. Маклан ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. А. Мұхамеджановна], 2020. - 441, [2] б.</b></p> <p>Бұл еңбек тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті саласын, оған қатысты теориялар мен тұжырымдарды жүйелейді. Кітап тұтынушыларға құндылық жеткізу үшін олармен қарым-қатынас орнатуды негізгі бизнес-стратегия ретінде қарастырып, тұтынушымен қарым-қатынас менеджменті (CRM) ұғымы, оның артықшылықтары, қолданылатын жағдайлары, технологиялары мен стратегияларын түсіндіреді.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>



	<p><b>Григг Рассел. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау: оқулық / Р. Григг ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Ш. Бағиева, Б. Төлімбет], 2020. - 599, [1] б.</b></p> <p>Бұл бестселлер нұсқаулық Англияның оқу бағдарламасындағы соңғы өзгерістерді, соның ішінде 2014 жылғы Мемлекеттік білім бағдарламасын және Шотландияның Мемлекеттік білім бағдарламасы жобасын жан-жақты талдай отырып жазылған.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>
	<p><b>Джорданова Людмила. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері: оқулық / Л. Джорданова ; ред. алқа Қ. Е. Көшербаев ; ауд.: Ә. Тілеужанқызы, А. Қ. Жүндібаева, 2020. - 374, [2] б.</b></p> <p>Кітапта тарихи білімнің қалыптасу, қолданылу және өзгеру процестері сипатталады. Тарих пәнінің әдістері, тарихи зерттеуді тиімді жүргізу тәсілдері, тарихи тәжірибенің қазіргі жетістіктері мен әлі де зерделеуді қажет ететін тақырыптары талданады. Еңбек оқырманға тарих пәнінің негізгі мәселелері туралы түсінік беру, оларды ауқымды контексте қарастыру және тарихшылардың қандай жұмыс атқаратынын анықтау сияқты негізгі үш мақсатты көздейді.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>
	<p><b>Касулис Томас П. Жапон философиясының қысқаша тарихы: оқулық / Т. Касулис ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: А. К. Байдлаева, Г. Ж. Нұрышева], 2020. - 801, [3] б.</b></p> <p>Америкалық танымал ғалым Томас П. Касулистің бұл еңбегінде жапон философиясының ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихы хронологиялық ретпен баяндалған. Автор жапон философтарын, олардың еңбектері мен теорияларын әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктеріне және түсініктерімен ұғымдарына сипаттама бере отырып таныстырады.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>



	<p><b>Классикалық араб философиясы: антология: оқулық / [құраст.: Д. МакГиннис, Д. Райсман; ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т. б. ; ауд.: Б. Ш. Адилхаким және т. б.], 2020. - 474, [2] б.</b></p> <p>Бұл кітап ортағасырлық шығыс философиясының әлем, болмыс, құдай, ақыл, жауһар (субстанция), араз (акциденция) сияқты және басқа да тақырыптар төңірегінде өрбиді. Жинаққа әл-Фараби, әл-Кинди, Ибн Сина, әр-Рази, әл-Ғазали т.б. ғұламалардың еңбектері іріктеліп алынған.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс контексі мен практикасы: оқулық / М. Коннолли, Л. Хармс, Д. Мэйдмент; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. Б. Мизамхан], 2020. - 382, [2] б.</b></p> <p>Бұл еңбек Австралия мен Жаңа Зеландиядағы әлеуметтік жұмыстың практика теориялары, әлеуметтік қызметкер мен клиент арасындағы байланыс түрлері, әлеуметтік жұмыс практикасында кездесетін заңдар және олардың қолданылу ерекшелігі, әлеуметтік жұмысқа бағытталған саясат, әлеуметтік қызмет көрсетуде басшылыққа алынатын философиялық-рухани қағидалар туралы баяндайды.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Нортхаус Питер Г. Көшбасшылық: теория және практика: оқулық / П. Нортхаус; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Б. М. Икрамова, Ә. Жапақ], 2020. - 559, [1] б.</b></p> <p>Он үш тілге аударылып, тоқсанға тарта елге таралған «Көшбасшылық: теория және практика» оқулығы көшбасшылық теорияларын кәсіби және ғылыми тұрғыдан терең талдап, оларды нақты ситуацияларда қалай қолдануға болатынын зерделейді. Автор әр тарауда ұтымды құрылымдау арқылы оқырманның түрлі теорияларды оңай салыстырып, меңгеруіне жол ашады.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>



	<p><b>Поллард Эндрю. Рефлексивті оқыту негіздері: оқулық / Э. Поллард ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. О. Кенжебаев], 2020. - 726, [2] б.</b></p> <p>Бұл кітапта мұғалімдердің кәсіби білігін көтеру, соның ішінде мектепте практикалық даярлықтан өту және үздіксіз кәсіби даму әдістері баяндалады. Мұғалімнің сабақ беруі, оқушылармен қарым-қатынасы және олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын зерттеуі, сондай-ақ оқу барысын бағалау процестері жөніндегі жан-жақты нұсқаулық. Рефлексивті оқыту әдістері бастауыш мектеп пен негізгі мектепке мұғалімдер даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Постон Дадли Л. Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе: оқулық / Д. Постон, Л. Бувье; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. Е. Әбдіраман], 2020. - 486, [2] б.</b></p> <p>Бұл кітап демография ғылымының негізгі тұжырымдары мен мәселелерін қамти отырып, демография пәніне жан-жақты кіріспе оқулық ретінде құрастырылған. Мұнда туу, өлім-жітім, көші-қон, нәсіл, халықтың жастық және жыныстық құрамы сияқты өзекті тақырыптар кеңінен қарастырылады. АҚШ, Азия, Еуропа және Африканың түрлі елдерінен алынған мысалдар әлем халқының дамуы мен өзгеруін сипаттайды, олардың қоршаған ортаға һәм адамзат болашағына әсерін зерделейді.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы: оқулық / Б. Рассел; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: А. Шәріп], 2020. - 893, [3] б.</b></p> <p>Үш кітаптан тұратын зерттеу антика дәуіріндегі рационалды ойдың қалыптасуынан бастап, Сократ, Платон, Аристотельден, Аугустин, Руссо, Кант, Шопенгауэр, Ницше, Маркс, Дьюиге дейінгі философтардың доктриналарына терең талдаулар жасайды.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>



	<p><b>Розен Харви Ш. Мемлекеттік қаржы: оқулық / Х. Розен, Т. Гейер; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Т. Тоқыжанова, Р. Исаева], 2020. - 597, [3] б.</b></p> <p>Оқулықта үкіметтің экономикаға әсер ету ауқымы мен құқықтық негіздері, қоғамдық шешім қабылдау процесі, білім беру саясаты, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, кедейлікпен күресу бағдарламалары, салық салу және оның тиімділігі, әділ салық негіздері, ірі түсім көздері сияқты бірқатар өзекті мәселелер жан-жақты талқыланады.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Розенбаум-Эллиотт Ричард. Стратегиялық бренд менеджмент: оқулық / Р. Розенбаум-Эллиотт, С. Перван, Л. Перси ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Ү. Кеңесбаева, А. Қуанышбекова], 2020. - 365, [2] б.</b></p> <p>Танымал бренд – компанияның ең құнды активтерінің бірі, оны қалыптастыру көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді. «Стратегиялық бренд-менеджмент» кітабы бренд туралы негізгі түсініктермен қатар бренд капиталының мәні мен мазмұнын, оның функциялық, эмоциялық қырларын таныстырады және бренд капиталын қалыптастырудың ұтымды әдіс-тәсілдерін ұсынады.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері: оқу құралы / Р. Синглтон, Б. Стрэйтс; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Н. Ә. Муминов], 2020. - 814, [1] б.</b></p> <p>Ройс Синглтон мен Брюс Стрэйтстің «Әлеуметтік зерттеу әдістері» кітабы – әлеуметтік зерттеудің ғылыми және логикалық негіздерін жан-жақты сипаттайтын оқу құралы. Негізгі тәсілдер мен ғылыми зерттеулердің логикасы арасындағы тепе-теңдікті ескере отырып, бұл кітап зерттеудің төрт тәсілі – эксперимент, сауалнама зерттеуі, далалық зерттеулер және қолда бар деректерді пайдаланудың сипаттамасын ұсынады.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>



	<p><b>Смит Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры: оқулық / Э. Смит ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: И. Алибаева, А. Оспанбаева, М. Ж. Сенгірбай], 2020. - 383, [4] б.</b></p> <p>«Ұлттың этностық тамыры» – халықтар мен этностар тақырыбында жазылған халықаралық деңгейдегі зерттеулердің іргетасына айналған ғылыми еңбек. Кітапта халықтардың шығу тегі мен ыдырауы, аман қалуы мен қазіргі заман көшіне ілесуінің түпкі себептері жан-жақты зерттелген. Халықтардың этнос ретінде бекуінің негізгі үш өзегі – халықты ұйыстыратын діні, тілі және атамекенінің ықпалын егжей-тегжейлі зерттей келе, тарихтан ойып орын алған немесе аты мәңгіге өшкен халықтардан мысал келтіреді.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Феллс Рэй. Нәтижелі келіссөз алғышарттар мен амалдар: оқу құралы / Р. Феллс ; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Қ. Ахметова, А. Оспанбаева], 2020. - 358, [2] б.</b></p> <p>Келіссөз теориясы мен тәжірибесіне тың көзқарас ұсынатын бұл кітап келіссөздің негізгі элементтері – өзара түсіністік, сенім, үстемдік ету және этиканы жан-жақты талдайды. Сонымен қатар келіссөздегі ақпарат алмасу, шешім іздеу және шегінудің әдіс-тәсілдерін сипаттайды. Медиация процесі, мүдделі топтың атынан келіссөз жүргізу, мәдениетаралық келіссөздер, жұмыс орны мен бизнестегі келіссөздер де кеңінен қамтылған.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері: оқулық / М. Хаммерсли, П. Аткинсон; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: А. Мусина, Н. Тажқұран], 2020. - 397, [3] б.</b></p> <p>Этнографияның теориясы мен практикасы бірдей қамтылған еңбекте авторлар кейстерді таңдау және іріктеу, деректерге қол жеткізу, далалық зерттеулер мен сұхбаттар жүргізу, деректерді жинау және жүйелеу сияқты этнографиялық зерттеудің негізгі құралдары мен тәсілдеріне кеңінен тоқталады, этнографиялық зерттеу жүргізудің этикалық</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>



	мәселелерін де қарастырады.	
	<p><b>Хейвуд Эндриу. Саясаттану: оқулық / Э. Хейвуд; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б. ; ауд.: Е. Әбдіраман], 2020. - 518, [2] б.</b></p> <p>Автор саяси идеяларды негізгі идеологиялар тұрғысынан қарастыра отырып, мемлекеттің саясаттағы рөліне, легитимдіктің маңызына, мемлекеттің басқару жүйелеріне, ұлтшылдықтың негізгі теорияларына тоқталады. Саясаттағы өзара байланыс – саясат пен экономика, мәдениет пен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа; сондай-ақ мемлекеттік басқару механизмдері мен процестеріне, ішкі және халықаралық саясаттың түйісуі және жаһандық саясат мәселелеріне талдау жасалады.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>
	<p><b>Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту: оқулық / Ж. Лонгенекер; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: А. Қуанышбекова, Д. Б. Мәзен], 2020. - 703, [1] б.</b></p> <p>Шағын бизнес – дүниежүзілік экономиканың басты тірегі. Әлемдегі қаражаттың көбі алпауыт компанияларда емес, үй жанындағы шағын дүкендерде, гүл сататын дүңгіршектерде, кішкентай кофеханалар мен тігін шеберханаларында айналып жатыр. Әр адам ұдайы көлігінің майын ауыстырып, оны жуғызады, сансыз рет жақындарына гүл сыйлайды, таңғы шайға тәтті тоқаш сатып алады, көйлегінің етегін қысқартып, үйін жөндетеді.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>
	<p><b>Элдридж Ричард. Өнер философиясы кіріспе: оқулық / Р. Элдридж; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. Е. Жеңісұлы], 2020. - 302, [2] б.</b></p> <p>«Өнер философиясы. Кіріспе» – өнер табиғаты мен құндылығының философиялық теорияларының анық та ықшам шолуы. Ол өнерді, кескіндемені, мүсін өнерін, музыканы, биді, сәулет өнерін, киноны, концептуал өнерді және перформансты қамтиды. Бұл екінші басылымға бейнелеу өнері, музыка, концептуал өнер, Гегель және өнер мен қоғам тақырыптары бойынша айтарлықтай жаңа зерттеулер қосылған.</p>	<p><a href="#">Читатъ</a></p>



	<p><b>Юлән Фың. Қытай философиясының қысқаша тарихы: оқулық / Ф. Юлән; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Қ. Бақыт, Д. Б. Дәуен], 2020. - 366, [2] б.</b></p> <p>Аталмыш еңбек ХХ ғасырдағы Қытайдың көрнекті ғалымдарының бірі Фың Юләннің қаламынан туған. Кітапта екі мыңжылдық дәстүр және модерн дәуіріне дейінгі Қытай философиясы жүйелі түрде әрі ұғынықты тілде топтастырылған. Еңбекте оқырманға таныс Конфуций, Лао-цзы, Мо-цзы, Мэн-цзыдан өзге де қытай философтары және философиялық мектептер туралы сөз болады.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Үнді философиясының тарихы: оқулық / құраст., бас ред. П. Билимориа ; жауапты ред. Дж. Н. Моханти; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: Г. С. Жолдасбаева, Е. Н. Ысқақов, Б. М. Мизамхан], 2020. - 719, [1] б.</b></p> <p>Routledge баспасының әйгілі «Әлемдік философия» сериясы аясында жарық көрген «Үнді философиясының тарихы» – кейінгі үш мың жыл ішінде үнді ой мектептерінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан түрлі ағымдар мен ғұлама ойшылдар жөнінде жан-жақты мәлімет беретін халықаралық зерттеу жинағы. Жинақты әзірлеуге осы саланың ең беделді ғалымдары қатысқан.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>
	<p><b>Әл-Руайхеб Халид. Ислам философиясы: оқулық / Х. Әл-Руайхеб, С. Шмидтке; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд.: А. Ғ. Тасболат, М. Ж. Төлеген], 2020. - 825, [3] б.</b></p> <p>Көптеген ғылым салалары бойынша маңызды еңбектер қалдырған алғашқы ислам философтары әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рүшд сияқты тұлғалардың өмір жолы мен көзқарастары, философиялық мұрасы зерделенген. Сонымен қатар Даууани, Мир Дамад, Молла Садра сынды постклассикалық және Зәки Нәжиб Махмұд, Мұхаммед Иқбал секілді модерн кезең ойшылдарының туындылары да қарастырылған.</p>	<p><a href="#">Читать</a></p>